

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің №1 мәжілісі**

Түркістан қаласы

23қыркүйек 2020 жыл

Онлайн режимде, сағат 15:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -22 адам.

Мәжілісті онлайн режимде Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, сапа бойынша басшылық өкілі Ш.Есимова жүргізіп отырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау;
2. 2020-2021 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын және жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы;
3. УЕ-ХҚТУ-075-2020 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және Сенат мәжілісіне ұсыну.
4. Әр түрлі мәселелер:
 - 4.1 Құжаттандырылған процедураларды актуализациялау және бекіту туралы.
 - 4.2 Ішкі кәсіби рейтинг комиссиясының құрамын бекітуге ұсыну туралы.
 - 4.3. Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторларын дайындау курсы туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру жөніндегі вице-президент Ш.Есимова университеттің Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2020-2021 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы, комитет атқаратын жұмыстардың маңыздылығы тоқталып, жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Сонымен бірге алдағы уақытта қажеттілікке орай жұмыс жоспарына толықтырулар енгізілуі мүмкіндігін ескертті. Осы оқу жылында «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментінің директорының ұсынысымен оқу ордамыздың өзін-өзі басқару органы Студенттік кеңесінің мүшесі комитет мүшесі ретінде ұсынылып отырғанын тілге тиек етті. Мәжіліске онлайн режимде қатысушылар комитет мүшелерінің құрамы (қосымша тіркелді), комитетте қаралатын мәселелері жөнінде қолдайтындарын білдірді. Онлайн дауыс беру нәтижесінде, ұсынылған комитет мүшелерін құрамын сайлау және комитеттің 2020-2021 оқу жылы бойынша жұмыс жоспарының жобасын бекіту жөнінде шешім қабылдады.

Шешім:

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2020-2021 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары және комитет мүшелері төменде ұсынылған жобада қабылдансын:

**Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің
2020-2021 оқу жылына арналған мәжілістер ЖОСПАРЫ**

№	Қарастырылатын мәселелер	Жауапты тұлғалар
1-мәжіліс 2020 жыл, қыркүйек –қазан		
1.	Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау	Комитет мүшелері
2.	2020-2021 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын және жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы

3.	УЕ-ХҚТУ-075-2020 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және Сенат мәжілісіне ұсыну	Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
4.	Әртүрлі мәселелер	
2- мәжіліс 2020 жыл, қараша-желтоқсан		
1.	Әкімшілік-шаруашылық құрылым басшыларының ішкі рейтингін анықтау индикаторларын талқылау	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	2020-2021 оқу жылына университеттің жинақталған қорытынды индикативті жоспары жөнінде	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
3.	Әртүрлі мәселелер	
3-мәжіліс 2021 жыл, қаңтар-ақпан		
1.	Әлемдік рейтингтерге (GS, THE, GreenMetric, Webometrics) қатысуды ұйымдастыру туралы	Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	Отандық рейтингтік агенттіктерде институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуды ұйымдастыру туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
3.	2012-2021 оқу жылының ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
4.	Әртүрлі мәселелер	
4- мәжіліс 2021 жыл, мамыр-маусым		
1.	2019-2023ж.ж Стратегиялық жоспарының оқу жылы бойынша орындалуы жөнінде мәлімет	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг нәтижелері туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
3.	Әртүрлі мәселелер	

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2020-2021 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттары және мақсаттарды жүзеге асыру жоспарының жобасымен таныстырды. Ол ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасы алдын ала танысу үшін таратылғанын ескертіп, университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығы жөнінде жеке-жеке тоқталды. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары мен жүзеге асыру жоспарының жобасын қолдайтындықтарын білдірді.

№	Мақсаттарды орындау бойынша міндеттер	Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері
1.	Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына	- Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 6; - Салалық шеңберлер мен кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының үлесі – 100 %; - Шет тілінде білім беру бағдарламаларын іске асыру – 6.

	синхронизациялау/ гармонизациялау.	
2.	Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Пәндер бойынша жаппай ашық онлайн курстар саны –50; - Пәндер бойынша контенттер дайындау – 100 %; - 365 оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындау; - ОПҚ және қызметкерлерге орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесін ендіру.
3.	Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру	<ul style="list-style-type: none"> - Университетте оқитын білімгерлер контингенті - 12000; - магистратура мамандықтарына 650, PhD докторантура мамандықтарына 50, резидентура мамандықтарына 130 білімгерлер қабылдау; - Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі – 18 %; - Шетел және ұлттық ЖББҰ-ға барып бір академиялық кезең бойында білім алатын білімгерлердің үлесі – 4 %; - Шетел және ұлттық ЖББҰ-дан келіп университетте бір академиялық кезең (1 семестр) бойында білім алатын білімгерлердің университет студенттеріне шаққандағы үлесі – 0,6 %; - Білімгерлерге орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесін жетілдіру.
4.	Жоғары білікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту.	<ul style="list-style-type: none"> - ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігін 50 %-ға жеткізу; - Шетелдерден келіп университетте дәріс беріп қайтатын профессорлардың университет оқытушыларына шаққанда үлесі–10 %; - Шетел университеттеріне барып дәріс беріп қайтқан немесе ғылыми жұмыстармен айналысатын ОПҚ үлесін арттыру – 3 %; - Кәсіби немесе ғылыми біліктілігін шетелдерде жоғарылатқан оқытушылар саны –35.
5.	Озық зерттеулерді ұйымдастыру.	<ul style="list-style-type: none"> - Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарының санын 400-ге жеткізу (Thomson Reuters, Scopus, Elsevier); - Халықаралық ғылыми конгресстер, симпозиумдар конференциялар ұйымдастыру –22; - Алыс-жақын шетел және отандық басылымдардағы жарияланымдар – 1150; - Ғалымдардың гранттық, келісім-шарттық, меморандум және шаруашылық келісім-шарттар негізінде ҒЗЖ мен жобалары – 40; - Монографиялар шығару – 48.
6.	Рухани жаңғыру. Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту.	<ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық деңгейде нәтижеге жеткен өнер саңлақтары – 9, спортшылар –28; - Түркі дүниесі жастарының қарым-қатынасын нығайту бағытында ұйымдастырылатын іс-шаралар – 68 %; - Клубтық-үйірмелік, волонтерлық қызмет және студенттік өзін-өзі басқаруға тартылған студенттер үлесі – 66 %; - Білімгерлерді, талантты жастарды азаматтық, патриоттық, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында университет жұмыстарына, қоғамдық-саяси және әлеуметтік шараларға жұмылдыру –12 %.
7.	Университеттің әлемдік және	<ul style="list-style-type: none"> - QS EESA «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінде - 160 орын;

	Ұлттық рейтингтеріндегі позицияларын жоғарылату	- Webometrics – 8 000 орын; - ҚР жоғары білім беру ұйымдары арасында – 7 орын; - ҚР “Атамекен” Ұлттық Палатасы ұйымдастырған рейтингте университеттің білім беру бағдарламаларының қол жеткен деңгейден арттыру үлесі – 70 %.
8.	Университет кампусын ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту.	- 50 орындық қонақ үй кешенін салу; - Ашық типтегі офис құру (open space) –1;
9.	Материалдық техникалық базаны модернизациялау	- Аудиториялар мен оқу-ғимарат залдарын қазіргі заманғы дизайн талаптарына сай жөндеу, коворкинг-орталықтар құру –1; - Пәндер бойынша дайындалған электронды оқу-әдістемелік кешендерді кітапхананың ресурстық қорына орналастыру –100%. ;
10.	Цифрлық трансформация (digital tranformation)	- Университеттің цифрлық платформасын құру, Paper freeжүйесіне өту (E-University және Smart-Campus) –100 %; - Электронды құжат алмасу платформасын дайындау ендіру –100%; - On-line режимінде әлеуметтік сауалнамалар жүргізу үшін қажетті бағдарламалармен қамтамасыз ету –100%; - Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – 100%.

Шешім:

Университеттің 2020-2021 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары және жүзеге асыру жоспары бекітуге ұсынылсын.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-075-2020) енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және университеттің Сенат мәжілісіне ұсыну мәселесі жөнінде комитет төрайымы жалпы таныстырып өтті. Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев өз сөзінде, Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі жыл сайын ішкі рейтинг көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ұдайы оң өзгерістерге ұшырып, жетілдіріліп келе жатқан жүйе екендігін атап айтты. Сонымен қатар, аталған ережеге жоғарғы басшылықтың тапсырмасы бойынша әлемдік рейтинг агенттіктерінің рейтинг агенттіктерінің индикаторларына баса маңыз беру үшін көрсеткіштердің ықшамдалып, рейтинг ұпайларына енгізілген өзгерістері жөнінде таныстырып, онлайн жиналысқа қатысушылардың ұсыныс, пікірлерін тыңдауға кезек берді. Комитет мүшелері ұсынылған өзгерістерді қолдайтындықтарын білдірді және ОПҚ мен қызметкерлер тарапынан келген ұсыныстар мен пікірлерді ескере отырып, Сенат мәжілісіне ұсыну келісілді.

Шешім:

Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесінің жобасына (УЕ-ХҚТУ-075-2020) ұсыныстар мен пікірлер ескеріле отырып, Сенат мәжілісінде талқылауға және бекітілуге ұсынылсын.

Әртүрлі мәселелер.

4.1 Құжаттандырылған процедураларды актуализациялау және бекіту туралы. Университеттің құжаттандырылған процедуралардың өзгертілген нұсқаларын қолданынысқа енгізу туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев қолданыстағы құжатталған процедуралардың

2009-шы жылы қолданысқа енгізілгенін, қазіргі уақытта университеттің ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификатқа ие екенін, стандарт баптары мен атауларының өзгергенін айта отырып ұсынылған құжатталған процедураларды бекітуді сұрады.

Шешім: Университеттің құжаттандырылған процедуралары бекітілсін.

4.2 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне сәйкес оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ішкі рейтинг көрсеткіштері университеттің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілетіні, ал жыл бойы туындайтын әртүрлі сұрақ-шағымдар мен пікір-ұсыныстар бойынша және жылдық нәтижелерді қорытындылау бойынша жұмыс жасайтын ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамын анықтау мәселесі сөз болды. Бұл бойынша Ж.Дарибаев үш сала бойынша, яғни ғылым, оқу-әдістемелік және мәдениет-тәрбие бойынша салалық вице-президенттер, осы айтылған бағыттар бойынша департамент директорлары, бірнеше орталық басшылары және құрамы жыл сайын ауысып отыратын факультеттер мен зерттеу институттарының өкілі ретінде екі декан мен бір ҒЗИ директорын комиссия құрамына ендіруді ұсынды.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясын төмендегі құрамда құру үшін бекітуге ұсынылсын:

Оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары және рухани жаңғыру (тәрбие) жұмыстары бойынша оқытушы-профессорлар, ғылыми қызметкерлер, ғылыми-зерттеу институттары(орталықтар), бағадрамалар-кафедралар мен жоғары мектеп-факультеттердің ішкі кәсіби рейтингін анықтау комиссиясының құрамы:

Комиссияның тең төрайымы: Есимова Ш.А. – Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент;

Комиссияның тең төрағасы: Пусат Пилтен – Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент;

Комиссия мүшелері:

1. Үмбетов Ө. – Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент;
2. Беркимбаев К. – Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент;
3. Абуов А. – Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент вице-президент;
4. Ниязов Т.– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;
5. Керімбеков Е.– «Ғылымды коммерцияландыру» департаментінің директоры;
6. Динашева Л.– «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментінің директоры;
7. Булент Байрам – Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
8. Акпынар К.– Стоматология факультетінің деканы;
9. Момбекова Г. – Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің атқарушы директоры;
10. Акбасова А.– Экология ғылыми-зерттеу институтының директоры;
11. Карипов Т.– IT департаментінің директоры;
12. Жолшибекова М.– Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы;
13. Дарибаев Ж. – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы.

4.3 Университетте СМЖ бойынша ішкі аудиторлардың біліктілігін одан әрі жетілдіру туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев баяндады. Ол қазіргі уақытта университетте ISO 9001:2015 стандарты бойынша СМЖ игерген қызметкерлердің сертификат мерзімі осы жылдың қазан айында аяқталатынын, сондай-ақ ішкі аудит өткізуге жарамды біліктілік сертификатына ие аудиторлардың бар екендігін, алайда оларға берілген сертификаттың мерзімі аяқталғанын, ішкі аудиторларды қайта оқыту қажеттігі

туындағанын баса айтты. Бұл жөнінде өткен оқу жылы соңында СЕРТАКАДЕМИЯ мекемесімен келіссөздер жүргізілген және олардың университетке келіп барлық ішкі аудиторларға практикалық оқу курсы ұйымдастыруы қарастырылған болатын. Қазіргі пандемия уақытына байланысты бұл курсты ұйымдастыру және қайта оқыту мүмкіндіктердің шектеулі екендігін де қоса айтты. Биылғы оқу жылына қалдырылған бұл шара тағы да белгісіз мерзімге шегеріліп, карантин шаралары аяқталғанша күтуге мәжбүрлік туралы айтып өтті. Комитет жиналысына қатысушылар қайта оқытуды кейінге шегеру туралы бірауыздан келісті.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің СМЖ бойынша жауапты тұлғалар мен ішкі аудиторларын қайта оқыту мерзімі кейінге шегерілсін.

Стратегиялық жоспарлау және
сапа комитетінің төрайымы

Хатшы



Ш.Есимова

Т.Көшербаев